

ЖАҢАЛЫҚТАР

Оралда 50 күн әкімшілік қамауда болған белсенді қайта ұсталды

6 қыркүйек 2026 жыл, 13:28



Маруа Ескендірованы полицияның ұстаған сәті. Скриншоттардан құралған коллаж. Орал қаласы, 4 қыркүйек 2026 жыл.

4 қыркүйекте Оралда белсенді Маруа Ескендірованы полиция тағы ұстады **деп жазды** Адам құқығын қорғау бюросы. Ақпаратқа қарағанда, белсенді әкімшілік қамалғандарға арналған изолятордан шыққаннан кейін бірден Абай алаңына барып, конституциялық құқығын пайдаланып, пікірін жеткізбек болған.

"Бұл әйелге пікір айтуына мүмкіндік бермей, ұстаған үшінші наразылық акциясы. Осыған дейінгі екі акцияға **қатысқаны** үшін ол арнайы қабылдау орнында 50 күн қамауда болған еді" деп жазды бюро.

Полиция оны алаңнан ұстап әкеткен.

Әлеуметтік желіде тараған видеода Маруа Ескендірованың алаңда тұрғаны, оның "әлеуметтік мәселелерді шешуді және жеке тұрғын үй құрылысына 10 сотық жер бөлуді талап етемін" деген жазуы бар футболка киіп тұрғаны көрінеді. Белсенді "аштық" деген жазуы бар плакаттан жасалған "қалпақты" басына киіп алған.

Белсенді баратын жері жоғын айтып, әкімдік 10 сотық жер бермейінше, әкімдіктің маңынан кетпейтінін айтады. "Батыс Қазақстанда 80 мыңнан астам адам жерге кезекке тұр. Біздің бәрімізді лақтырып кетті" деді белсенді сөз арасында.

Оған әуелі әкімдік өкілі, кейін прокурор, ізінше полиция келеді, ақыры оны ұстап әкетеді.

"Әкімшілік қамау қаншалықты орынды және бұл адамның бейбіт түрде пікір айту құқығын шектеу тетігіне айналып кеткен жоқ па?" деген сұрақ қояды құқық қорғаушылар сенбі күні хабарламасында.

Орал полициясы әзірге, оқиғаға түсініктеме берген жоқ.

Маруа Ескендірова қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтеріп жүрген белсенділердің бірі. Сол үшін талай рет әкімшілік қамауға алынды. 2023 жылы Орал соты "тыйым салынған ұйымның ісіне араласты" деп белсендінің бостандығын шектеген. Сот бұған қоса, қоғамдық-саяси қызметпен айналысуларына тыйым салған. Кейін Маруа Ескендірова мерзімінен ерте босап шықты.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ